

## Шектеу іс-шараларын тоқтату туралы

Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Жұрын ауылдық округінің әкімінің 2015 жылғы 1 сәуірдегі № 14 шешімі

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі № 339-ІІ "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабына, Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы № 213 "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 40 бабына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Мұғалжар аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2015 жылғы 31 наурыздағы № 1-26/120 санды ұсынысының негізінде Жұрын ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мұғалжар ауданы Жұрын ауылдық округіндегі Көбелей елді-мекенінде орналасқан "Жамбыл" шаруа қожалығында ірі қара малдардың арасында қарасан ауруының ошағын жою жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар кешені жүргізілуіне байланысты шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Мұғалжар ауданы Жұрын ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 04 наурызындағы № 12 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 31 наурызында № 4268 санымен тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

*Жұрын ауылдық округінің әкімі*

*Т.Абдірзақ*